

Республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер міндеттемелерді орындау қамтамасыз етілмей бөлінуі мүмкін қаржы агенттіктерінің тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қарашадағы N 1844 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 706 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.08.2025 № 706 қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.02.11 № 86 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 183-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер міндеттемелерді орындау қамтамасыз етілмей бөлінуі мүмкін қаржы агенттіктерінің тізбесі белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.02.11 № 86 Қаулысымен.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер міндеттемелерді орындау қамтамасыз етілмей бөлінуі мүмкін қаржы агенттіктерінің тізбесі

Ескерту. Қаулы тізбемен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.02.11 № 86, өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.05.31 № 708; 18.03.2016 № 146; 02.06.2016 № 324; 31.12.2020 № 952 қаулыларымен.

1. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы.

2. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.12.2020 № 952 қаулысымен.

2-1. "Аграрлық несие корпорациясы" акционерлік қоғамы;

3. "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы.

4. "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы.

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір
шешімдерінің тізбесі**

1. "Республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер міндеттемелерді орындау қамтамасыз етілмей бөлінуі мүмкін қаржы агенттіктерінің тізбесін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 мамырдағы N 402 қаулысы.

2. "Қазақстандық ипотекалық компания" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит берудің шарттарын айқындау туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 мамырдағы N 402 қаулысына өзгерістер енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 1295 қаулысының 3-тармағы.

3. "Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамына бюджеттік кредитті беру шарттарын анықтау туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 мамырдағы N 402 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 14 тамыздағы N 743 қаулысының 3-тармағы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 мамырдағы N 402 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қыркүйектегі N 863 қаулысы.